

Бекітемін  
«Маржан-Ана» балабақшасының  
менгерушісі С.Т.Шиналиева  
28 тамыз 2023



Өндірістік кеңес жоспары  
2023-2024 оқу жылы

| № | Күн тәртібі тармағы                                                                                                                                                                                                                                               | Мерзімі   | Жауапты тұлға                                                                                                              |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | <p><b>№ 1 кеңес</b></p> <p>1. Жазғы сауықтыру шараларының ағымдағы жөндеу жұмыстарының қорытындысы.</p> <p>2. 2023-2024 оқу жылының жоспарын бекіту.</p> <p>3. Қызметкерлерді балабақшаның күн тәртібі, жұмыс кестесі мен лауазымдық міндеттерімен таныстыру.</p> | қыркүйек  | <p>Менгеруші<br/>С.Т.Шиналиева</p> <p>Менгеруші<br/>С.Т.Шиналиева<br/>Әдіскер<br/>Б.Ж.Бейсенбаева</p>                      |
| 2 | <p><b>№ 2 кеңес</b></p> <p>1. І-ші жартыжылдықтағы балалардың денсаулықтары.</p> <p>2. Жылу жүйесін бақылау.</p> <p>3. Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>                                                                              | желтоқсан | <p>Мейірбике<br/>К.М.Сариева</p> <p>Шаруа менгеруші<br/>Ж.Темирбаева<br/>Әдіскер<br/>Б.Ж.Бейсенбаева, топ тәрбиешілері</p> |
| 3 | <p><b>№ 3 кеңес</b></p> <p>1. Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларының орындалуы.</p> <p>2. «Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау» туралы.</p> <p>3. Көгалдандыру жұмыстары.</p>                                                                     | ақпан     | <p>Мейірбике<br/>К.М.Сариева</p> <p>Шаруа менгерушісі<br/>Ж.Темирбаева</p>                                                 |
| 4 | <p><b>№ 4 кеңес</b></p> <p>1. Балабақшаның материалды-техникалық жабдықтау қорытындысы.</p> <p>2. Қызметкерлердің кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту.</p> <p>3. ІІ- жартыжылдықтағы балалардың денсаулықтары.</p>                                          | наурыз    | <p>Менгеруші<br/>С.Т.Шиналиева</p> <p>Менгеруші<br/>С.Т.Шиналиева</p> <p>Мейірбике<br/>К.М.Сариева</p>                     |
| 5 | <p><b>№ 5 кеңес</b></p> <p>1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы.</p> <p>2. Жазғы ағымдағы жөндеу жұмыстарды ұйымдастыру.</p> <p>3. Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздік шаралары.</p>                                                                   | мамыр     | <p>Әдіскер<br/>Б.Ж.Бейсенбаева</p> <p>Менгеруші<br/>С.Т.Шиналиева<br/>Мейірбике<br/>К.М.Сариева</p>                        |

## «Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы

### Өндірістік кеңестің кезектен тыс хаттамасы

Қатысқандар:12

11.09.2023ж.

#### Күн тәртібі:

- 1.Төтенше жағдайдың алдын алу.
2. Төтенше жағдай кезінде не істеу керек (баяндама).

#### 1.Тыңдалды:

Балабақша меңгеруші Шиналиева С.Т. сөз алды:төтенше жағдай – мемлекетке төнген түрлі қауіпке байланысты президент немесе парламент жариялайтын уақытша режим.Ол табиғат апаты,соғыс қауіпі,техногендік апат,халық ішіндегі толқу,т.б. жағдайларда жарияланады.Мұндай уақытта азаматтардың құқықтары мен бостандықтары саналы түрде шектеледі,бейбіт кездегі заңдар күшін тоқтатып,төтенше заңдар шығарылады.Табиғи сипаттағы ТЖ-дүлей зілзала(жер сілкінісі,сел,көшкін,су тасқыны,өрт және басқалар).Төтенше жағдайлар қауіпі туындағанда халықты қауіпті аймақтардан қауіпсіз жерлерге уақытша көшіру жүзеге асырылады.Төтенше жағдай дегеніміз адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін,олардың денсаулығына,қоршаған ортаға белгілі бір аумақта туындаған жағдай.Төтенше жағдайлардың түрлері мен сипаттамалармен баяндама тыңдау арқылы танысамыз.

#### 2.Тыңдалды:

Тәрбиеші Оспанова Д. О.« Төтенше жағдай кезінде не істеу керек» баяндама оқып берді.

#### Шешімі:

1.Төтенше жағдайларда болуы ықтимал апат оқиғаларында өздеріне,төңіректегілерге жәрдем көрсете білудің қарапайым жолдарын меңгеру балабақшаның әр қанша жеріне міндеттелсін.

Төрайымы

Хатшы:

Шиналиева С.Т.

Сейсенбаева Б.Ж.



## «Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы

### Өндірістік кеңестің №1 хаттамасы

Қатысқандар:8

12.09.2023ж

#### Күн тәртібі:

- 1.Жазғы сауықтыру шараларының,ағымдағы жөндеу жұмыстарының қорытындысы.
- 2.2023-2024 оқу жылын бекіту.
- 3.Қызметкерлерді балабақшаның күн тәртібі,жұмыс кестесі мен лауазымдық міндеттерімен таныстыру.

#### 1.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Шиналиева С.Т. сөзге шықты.Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиенушілердің өмірін және денсаулығын қорғау,денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру,балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды. Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты:балабақшада балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ең тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамыту.Жазғы мезгілде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінді.Жаз айларына арналған іс-шаралар жоспары түзіліп,саз жетекшісі тәрбиешілермен бірге балалардың қорғау күніне «Менің тұған өлкем» тас жолда сурет салу көрмесі, «Ертегілер еліне саяхат» қуыршақ театры, «Қауіпсіздік ережесін сақтаймыз» танымдық ойын-сауық, «Астана-арман қала», «Су атасы Сулеймен күні», «Менің сүйікті балабақшам» іс-шаралар өткізіліп,балалар үшін қызықты мереке болды,қимылды ойындар мен спорттық жарыстар барысында ойынға қатысушылар өз ептіліктерін және мықтылығын көрсетіп осы шараларға белсене қатысты.Жаз мезгілде сауықтыру және шынықтыру жұмыстарында ауызды шаю,қолды жуу,ауа және күн ванналарын қабылдау,саяжайда жалаңаяқ жүру сияқты шынықтыру шаралары күнделікті жүргізілді.Қимылды ойындар қолданып балалар белсенді ойын ойнады.Күн ыссы уақытта балалар ағаштардың көленкісіндегі жолдармен жүгіріп шынықтыру және тыныстау гимнастикасының кешені орындады. Ауа райы қандай болса да таза ауда болу пайдалы.Жаз мезгілде ата-аналармен жұмыс жалғастырылды. Ата-аналарға ақыл-кеңестер берілді,әнгімелер жүргізілді,ата-аналар бұрышындағы жазғы мезгілде балалардың денсаулығын қорғау және нығайту,ағзаны шынықтыру,тыныс алу гимнастикасы және жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпараттар мезгілімен ауыстырылды. Сонымен қатар балабақшада балалардың

тамақтануы да қадағалауда болады. Ас мәзірінің құнарлылығы, сапасы мен әртүрлілігі басты назарда ұсталады. Жыл мезгіліне қарай берілетін ас мәзірі өзгертіліп бекітіледі. Дұрыс отыру, тағамдарды ретімен жеу, үстел үстінде өзін дұрыс ұстай білуді үйренеді. Мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасады.

## 2. Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Бейсенбаева Б.Ж. қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа жылдық жоспарды талқылауды ұсынды. Жаңа оқу жылында өткізілетін іс-шаралар кестесін, педагогтардың іс-әрекеттердің кестесін бекітті. Аудандық білім бөлімінің бұйрықтарымен қаулыларына сәйкес балалардың білім алуына басты назар аударып, балабақшаны сол шараларға тиісті деңгейде жабдықтауды ұсынды. Жаңа оқу жылына қажетті оқулықтар мен ойыншықтардың, кеңсе құралдарының есебін берді.

## 3. Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Шиналиева С.Т. қызметкерлерді жұмыс уақытындағы ережелермен таныстырды. 2023-2024 оқу жылына арналған еңбекті қорғау және жақсарту шараларының жоспары:

- лауазымдық нұсқаулықтарда барлық қызметкерлердің еңбекті қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттерін анықтау;

- еңбекті қорғауды басқару жүйесін жасау;

- еңбекті қорғау қызметі туралы ережені бекіту;

- оқыту мен нұсқамаларды ұйымдастыру;

- зиянды және қауіпті факторларды бақылауды ұйымдастыру.

Әр қызметкерге өзінің қызметіне сәйкес лауазымдық нұсқаулықтары түсіндірілді.

## Шешім:

1. Жазғы сауықтыру шараларының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. 2023-2024 жаңа оқу жылының жоспарын орындау.

3. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібін орындауын қадағалау.

Төрайым Шиналиева С.Т.  
Хатшы Бейсенбаева Б.Ж.



**«Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы**

**Өндірістік кеңестің №2 хаттамасы**

**Қатысқандар : 10**

**12.12.2023 ж.**

**Күн тәртібі:**

1. I-жарты жылдықтағы балалардың денсаулықтары.
2. Жылу жүйесін бақылау.
3. Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

**1.Тыңдалды:**

Балабақша мейірбикесі Сариева К. баяндама жасады. 2023-2024 оқу жылында біздің балабақшада балалармен қызметкерлер арасында денсаулық жағдайы қанағаттанарлық деңгейінде. Балалардың ата-аналарына тұмау кезіндегі профилактика жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан-жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі. Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындайды. Осыған орай жұмыстың объектісі-мектепке дейінгі жаста баланың денсаулығын қорғау болып саналады.

**2.Тыңдалды:**

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Шиналиева С.Т. жылу мәселесіне тоқталды. Балабақша ішінің температурасы 20-22 градус

жылулықты көрсетуде, барлық бөлмелері жылы, қазандық пештері бірқалыпты жақсы жұмыс істеуде.

### 3.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Шиналиева С.Т. сөз алды. ҚР-ның заңнамаларына сәйкес балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін дұрыс және қауіпсіз жағдайлар жасауда жеке жауапкершілікте болады. Шырша ғимараттың бірінші қабатында сыртқа шығатын және үнемі ашық тұратын, кемінде екі есігі бар үлкен бөлмеде орнатылуы тиіс. Мекеме басшылары іс-шара өткізу алдында жарықтың, өрт сөндіру құралдарының жарамдылығы мен болуын тексеру қажет. Шыршаны мақтамен және тез тұтанатын материалдармен безендіруге болмайды. Шыршаның бұтақтары бөлменің қабырғалары мен төбесіне тимеуі керек. Шыршаны жылыту құралдарының қасына орнатуға тиым салынады. Мереке кезінде бенгаль шамдарын, түрлі пиротехникалық заттарды пайдалануға болмайды. Шырша орнатылған бөлмеде және шыршаның жанында балаларды қараусыз қалдыруға болмайды.

### Шешім:

1. Балалармен ата-аналарға, қызметкерлерге аурудың алдын-алу шаралары жайлы түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Жауапты: мейірбике Сариева К.

2. Балабақша ішінің температурасы 20-22 градус жылулықты тұруы, барлық бөлмелері жылы, қазандық пештері бірқалыпты жақсы жұмыс істеуін қадағалауды күзетшіге тапсырды.

3. Шырша мерекесінде балалардың өмірін қорғау ережесі сақталынсын. Жауаптылар: әдіскер Бейсенбаева Б.Ж., тәрбиешілер.

Төрайым: Шиналиева С.Т.

Хатшы: Бейсенбаева Б.Ж.



## **«Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы**

### **Өндірістік кеңестің № 3 хаттамасы**

**Қатысқандар:10**

**Күні: 12.02.2024 ж**

#### **Күн тәртібі:**

- 1.Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларының орындалуы.
2. «Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау» туралы.
- 3.Көгалдандыру жұмыстары туралы.

#### **1.Тыңдалды:**

Балабақша мейірбикесі Сариева К. топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы туралы есеп берді.Балабақша ішінде тазалық шаралары күнделікті жүргізіліп жатқаның,балалар қолдануына керекті заттардың жүйелі жарамсыздығы тексеріліп отырғанын айтып өтті.Мектепке дейінгі ұйымдардың үй-жайларын жабдықтауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар бойынша топтардың саяжайлары,дене шынықтыру алаңдары бар.Ондағы құралдар балалардың ойнап тұруына сай етіп орналастырылған.Аула көгалдандырылған,құраған шөптер мен бұтақтар өз мезгілінде алынып тасталып отыр.Сонымен топ бөлмелері табиғі жолмен желдетіледі,ойыншықтар мен ыдыстар талапқа сай тазартылып отырғанын,кварцтеу өз уақытында өткізіліп отырғанын айтып өтті.Дей тұрғанмен көмекші тәрбиеші жұмыстарында орын алған кемшілікттерді де айтып,қызметкерлерді өз ісіне жауапкершілікпен қарауды ұсынды.Қызметкерлер толық келісім берді.

#### **2.Тыңдалды:**

Балабақша меңгеруші Шиналиева С.Т. орт қауіпсіздігі техникасын сақтау туралы түсіндіру жұмысын өткізді.Асхана қызметкерлері мен шаруа меңгерушісіне жұмыстарын толыққанды жүргізуді ұсынды.Кызметкерлер келісім берді.

#### **3.Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі Шиналиева С.Т балабақшаны көгалдандыру,аулаға ағаштар егу, тазалық жұмыстарын жүргізу,ағаштың түптерін ақтау, ойын алаңдарын реттеу, арықтарды тазалау жұмыстарын жүргізуді шаруа меңгерушісі мен медбике Сариева К. тапсырды.

#### **Шешім:**

1.Топтардағы санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың орындалуы қанағаттанарлық деп таңылсын.Айтылған кемшіліктер түзетілсін.Жауаптылар: Ұжым мүшелері.

2.Өрт қауіпсіздік техникасы сақталсын.

3.Балабақшаны көгалдандыру жұмыстарын жүргізу, ұйымдастыру.

Жауаптылар: шаруа меңгеруші мен медбике Сариева К. тапсырды.

Төрайым

Хатшы:



Сариева С.Т.

Бейсенбаева Б.Ж.

## **«Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы**

### **Өндірістік кеңестің №4 хаттамасы**

**Қатысқандар:10**

**күні:12.03.2024 ж.**

#### **Күн тәртібі:**

- 1.Балабақшаның материалды-техникалық жабдықталу қорытындысы.
- 2.Қызметкерлердің кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту.
- 3.II жартыжылдықтағы балалардың денсаулықтары.

#### **1.Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша балабақшаның меңгерушісі С.Т.Шиналиева есеп берді.Биылғы жаңа оқу жылына материалдық-техникалық жабдықтауға бөлінген қаржы толығымен игерілді.Балалардың тамақтанатын ыдыстары ауыстырылды ,асхана техникалары жаңартылды,жаңа оқу құралдары сатып алынды.Балаларға жаңа кілем,теледидар ,ойыншықтар алынды.

#### **2.Тыңдалды:**

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі С.Т.Шиналиева есеп берді.ҚР Еңбек кодексінің 92- бабына сәйкес жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы жұмыс орны(лауазымы) мен орташа жалақысы сақтала отырып,белгілі бір күнтізбелік күндер санына беріледі.Ережеге сәйкес бес күндік ,сондай-ақ алты күндік жұмыс аптасында орташа айлық жалақыны есептеу белгіленген қосымша ақылар мен үстемақылар,сыйақылар және еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген тұрақты сипаттағы басқа да ынталандыру төлемдері ескеріле отырып,тиісті кезеңдегі орташа күндік жалақының есебінен нақты жұмыс істелген уақыт үшін жүргізіледі.Сонымен «Әсел» балабақшасының қызметкерлерінің кезекті еңбек демалысы жоспары бекітілді,жұмыс істеген уақыты 11 айдан асқан жұмысшылардың барлығы өз кесте бойынша демалысқа шыға алады.

#### **3.Тыңдалды:**

Балабақша мейірбикесі Сариева К. баяндама жасады. 2023-2024 оқу жылында біздің балабақшада балалармен қызметкерлер арасында денсаулық жағдайы қанағаттанарлық деңгейінде. Балалардың ата-аналарына тұмау кезіндегі профилактика жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан-жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі. Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындайды. Осыған орай жұмыстың объектісі-мектепке дейінгі жаста баланың денсаулығын қорғау болып саналады.

### Шешімі:

1. Балалармен ата-аналарға, қызметкерлерге аурудың алдын-алу шаралары жайлы түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Жауапты: мейірбике Сариева К.
2. Бекітілген кесте бойынша қызметкерлерді кезекті еңбек демалысына жіберу.
3. Мүліктер тізімін жасап, балалардың жаңа жабдықтарына белгі жасау.

Төрайымы:

Хатшы:



С.Т. Маржан-Ана

Б.Т. Сейсенбаева

## **«Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы**

### **Өндірістік кенестің № 5 хаттамасы**

**Қатысқандар:8**

**Күні:15.05.2024 ж.**

#### **Күн тәртібі:**

- 1.2023-2024 оқу жылының қорытындысы.
- 2.Жазғы ағымдағы жөндеу жұмыстарды ұйымдастыру.
- 3.Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздік шаралары.

#### **1.Тыңдалды:**

Балабақша әдіскері Б.Ж.Бейсенбаева сөзге шықты.Ағымдағы оқу жылында оқу процесінің бір жыл қорытындысы жайлы есебінде жылдық жоспарға сай іс-шара,ертеңгіліктер,байқаулар,ата-аналармен жиналыс,камқоршылық кеңесінің отырысы жөніндегі атқарылған жұмыстарға тоқталды.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сандартының және бағдарламаларының талаптарын орындалуы,педагогтардың кәсіби шеберлілігің өсуі,педагогтардың шығармашылық әлеуетінің жоғарлауы,педагог-тәрбиешілердің біліктілікті арттыру курстарына баруы,аудандық тәжірибелік семинарларға қатысуы жайлы толық мәлімет берді.Балабақша түлектерімен қоштасу кешін өткізіп,мектепке шығарып салдық.Ендігі міндет сол кеткен балалардың орның толтыру.

#### **2.Тыңдалды:**

Жазғы жөндеу жұмыстары туралы балабақша меңгерушісі С.Т.Шиналиева сөз сөйледі.Балабақша ғимаратының ішкі және сыртқы жерлерінде қажет етілетін жерлерін сыбап,ақтап,сырлау қажеттілігін,жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесін сақтауды тапсырды.

#### **3.Тыңдалды:**

### Шешімі:

1. Жылдық жоспарды орындауды жақсарту, әр түрлі байқауларға қатысу.
2. Жазғы жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережелерді сақтау.
3. Ата-аналармен балалардың қауіпсіздігі туралы жиі хабарласып, ескертіп тұру.

Иналиева

Б. Жайсенбаева



## Өндірістік кеңестің №6 хаттамасы

### «Маржан-Ана» бөбекжай балабақшасы

### Өндірістік кеңестің кезектен тыс хаттамасы

Қатысқандар:8

23.04.2024ж.

#### Күн тәртібі:

1.Тәрбиенушілердің мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің,лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында қауіпсіз болуын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықпен таныстыру.

#### 1.Тыңдалды:

Балабақша меңгеруші Шиналиева С.Т. сөз алды.Қазіргі кезең қауіпсіз өмір сүруді қамтамасыз етудің қажеттілігін дәлелдеді,сондай-ақ мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерін,тәрбиенушілерді және олардың ата-аналарын(заңды өкілдерін) қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына үйретуді талап етеді.Тәрбиенушілердің мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің,лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында қауіпсіз мінез-құлық тәжірибесі қалыптаса бастайды,сондықтан балаларды қоршаған ортада қауіпсіз өмір сүруге дайындау жүзеге асырылуы керек.

Нұсқаулықтың мақсаты:мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің,лицейлер мен гимназиялардың басшыларына,мектепалды сыныптарының педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету.

Нұсқаулықтың негізгі міндеті-тәрбиелеу-білім беру процесінде жазатайым оқиғалардың,сондай-ақ тұрмыстық,техногендік,жол-көлік жарақаттарының алдын алуға бағытталған профилактикалық жұмыс болып табылады.

Осы нұсқаулықты толық сақтаған жағдайда білім беру ұйымымызда балалардың қауіпсіз болуы үшін оңтайлы жағдайлар жасауымыз керек.

#### Шешімі:

1.Тәрбиенушілердің мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің,лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында қауіпсіз болуын қамтамасыз ету,нұсқаулықты басшылыққа алу.

Төрайымы:

Хатшы:

Шиналиева С.Т.

Сенбаева Б.Ж.

